

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге және оған Хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 994 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімнің және оған Хаттаманың жобасы мақұлдандын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Төкешұлы Такиевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге және оған Хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 404 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 10 қарашадағы
№ 994 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі,
өздерінің экономикалық қатынастарын одан әрі дамытуға және салық мәселелерінде ынтымақтастықты кеңейтуге ықылас білдіре отырып,
салықтарды төлеуден қашу немесе жалтару арқылы (оның ішінде үшінші мемлекеттер резиденттерінің осы Келісімде көзделген жеңілдіктерді алуға бағытталған артықшылықтарын пайдалану арқылы) салық салмауға немесе төмендетілген салық салуға мүмкіндіктерді жасамай табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты

қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді жасасуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Келісім қолданылатын тұлғалар

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Келісім қолданылатын салықтар

1. Осы Келісім алыну әдістеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси бөлімшелерінің, орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табыстар мен капиталға салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметінің немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан немесе табыстың немесе капиталдың жекелеген элементтерінен алынатын барлық салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Осы Келісім қолданылып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстанда:

(i) корпоративтік табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(iii) заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығы;

(бұдан әрі "Қазақстандық салық" деп аталады);

б) Оман Сұлтанлығында:

табыс салығы;

(бұдан әрі "Оман салығы" деп аталады).

4. Осы Келісімге қол қойылған күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің салық заңнамаларындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер мәнмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде оның мемлекеттік егемендігі қолданылатын құрлықты,

суды, жер қойнауын, әуе кеңістігін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі аумақ, сондай-ақ Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық заңнамасына және ол қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес егемендік құқықтарын және юрисдикциясын жүзеге асыратын немесе одан әрі жүзеге асыра алатын мемлекеттік шекара шегінен тыс жерлердегі кез келген аймақ ретінде айқындалады;

b) "Оман Сұлтандығы" термині Оман Сұлтандығының аумағын және оларға қатысты Оман Сұлтандығы халықаралық құқыққа және Оман Сұлтандығының заңнамасына сәйкес теңіз түбі мен оның жер қойнауының табиғи ресурстарын барлау мен игеруге және оларды жауып тұрған суларға қатысты егемендік құқықтарын жүзеге асыра алатын аумақтық суларды және аумақтық сулардың шегінен тыс кез келген аймақтарды қоса алғанда, оған тиесілі аралдарды білдіреді;

c) "Уағдаласушы Мемлекет" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" терминдері мәнмәтініне қарай Қазақстанды немесе Оман Сұлтандығын білдіреді;

d) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін білдіреді;

e) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қаралатын кез келген корпоративтік құрылымды немесе кез келген ұйымды білдіреді;

f) "кәсіпорын" термині кез келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қолданылады;

g) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды білдіреді;

h) "халықаралық тасымалдау" термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, тиімді басқару орны Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан кәсіпорын пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалдауды білдіреді;

i) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстан жағдайында: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Оман Сұлтандығы жағдайында: Салық органының төрағасын немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

j) "ұлттық тұлға" термині:

(i) осы Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығына ие кез келген жеке тұлғаны;

(ii) осы Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының негізінде осындай мәртебені алған кез келген заңды тұлғаны, әріптестікті немесе қауымдастықты білдіреді;

k) "кәсіпкерлік қызмет" термині кәсіптік көрсетілетін қызметтерді және тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметті орындауды қамтиды.

1) "капитал" жылжымалы және жылжымайтын мүлікті білдіреді және акцияларды немесе мүліктік құқықтарды растайтын басқа да құжаттарды, облигацияларды немесе басқа да борыштық міндеттемелерді, сондай-ақ патенттерді, сауда белгілерін, авторлық құқықтарды немесе басқа да осыған ұқсас құқықты немесе мүлікті қамтиды (бірақ олармен шектелмейді).

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімді кез келген уақытта қолданған кезде онда айқындалмаған кез келген термин, егер мәнмәтіннен өзгеше туындамаса немесе құзыретті органдар осы Келісімнің 26-бабының ережелеріне сәйкес басқа мағынаны келіспеген болса, осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты мағынаға ие болады, Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес кез келген терминнің анықтамасы осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңнамалары бойынша осы терминге берілетін анықтамадан басым болады.

4-бап

Резиденттік

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның тұрғылықты жері, резиденттігі, тіркелген жері, басқару орны немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа да өлшемшартының себебі бойынша онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ осы Уағдаласушы Мемлекетті және оның кез келген саяси бөлімшесін, орталық немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда, бұл термин осы Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты немесе онда орналасқан капиталға қатысты ғана осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне байланысты жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады:

а) ол өзінің билігіндегі тұрақты тұрғынжайы орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның билігінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де орналасқан тұрақты тұрғынжайы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып саналады;

б) егер өзінің өмірлік мүдделерінің орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер оның билігінде Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында тұрақты тұрғынжайы болмаса, ол әдетте өзі тұратын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың ешқайсысында тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып саналады;

d) егер жеке тұлғаның резиденттік мәртебесін осы тармақтың а)-с) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары бұл мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне байланысты жеке тұлға болып табылмайтын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша осы Келісімнің мақсаттары үшін осындай тұлға резиденті болып саналатын Уағдаласушы Мемлекетті, оның тиімді басқару орнын, ол тіркелген немесе өзге түрде құрылған орынды және кез келген басқа да тиісті факторды назарға ала отырып, айқындауға ұмтылады. Мұндай келісім болмаған жағдайда мұндай тұлғаның, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімде көзделген қандай да бір жеңілдіктерге немесе салық төлеуден босатылуға құқығы жоқ.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда:

a) басқару орнын;

b) бөлімшені;

c) кеңсені;

d) фабриканы;

e) шеберхананы;

f) шахтаны, кенішті, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді, қондырғыны, құрылысты (бұрғылау қондырғысын немесе кемені қоса алғанда), теңіз кемесін немесе табиғи ресурстарды барлайтын немесе өндіретін басқа да кез келген орынды, сондай-ақ осыған байланысты бақылау қызметтерін қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині, сондай-ақ:

a) кез келген (12) он екі айлық кезең ішінде (6) алты айдан асатын кезең бойы құрылыс алаңын, құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осындай алаңға немесе жобаға байланысты қызметтерді;

b) консультациялық қызметтерді қоса алғанда, қызметшілер немесе осындай мақсаттар үшін резидент жалдаған басқа персонал арқылы немесе байланысты тарап арқылы резиденттің қызметтер көрсетуін, бірақ егер мұндай сипаттағы қызмет Уағдаласушы Мемлекет шегінде кез келген (12) он екі айлық кезең ішінде жиынтығы (6) алты айдан асатын кезең немесе кезеңдер ішінде жалғасса ғана (осындай немесе оған байланысты жоба үшін) қамтиды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині:

- a) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;
 - b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;
 - c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын басқа кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;
 - d) тұрақты қызмет орнын тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу немесе кәсіпорынға ақпарат жинауға арналған мақсаттар үшін ғана күтіп-ұстауды;
 - e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін кез келген басқа да қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;
 - f) осы тармақтың a) - e) тармақшаларында аталған қызмет түрлерінің кез келген аралас қолданылуын жүзеге асыру мақсатында ғана тұрақты қызмет орнын күтіп-ұстауды;
- осы тармақтың a) - e) тармақшаларында айтылған мұндай қызмет немесе осы тармақтың f) тармақшасы жағдайында тұрақты қызмет орнының жиынтық қызметінің дайындық немесе көмекші сипаты болған жағдайда қамтитын ретінде қарастырылмайды.

4-1. Осы баптың 4-тармағы, егер кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын дәл осы Уағдаласушы Мемлекетте осы немесе басқа орын арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және

- a) осы орын немесе басқа орын осы баптың ережелеріне сәйкес кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын үшін тұрақты мекемені құрса, немесе
- b) екі кәсіпорын осы орын арқылы немесе дәл осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын екі орын арқылы жүзеге асыратын қызмет түрлерін араластыру нәтижесінде алынған жиынтық қызметтің дайындық немесе көмекші сипаты болмаса, екі кәсіпорын осы орын арқылы немесе осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын екі орын арқылы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет жалпы кәсіпкерлік қызметтің бір бөлігі болып табылатын өзара толықтыратын функцияларды білдірген жағдайда кәсіпорын пайдаланатын немесе күтіп-ұстайтын қызметтің тұрақты орнына қолданылмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, бірақ осы баптың 7-тармағының ережелері ескеріле отырып, егер тұлға Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан әрекет етсе және осылайша әдетте шарттар жасасса немесе әдетте кәсіпорын тарапынан елеулі өзгерістерсіз жасалатын келісімшарттарды жасасуда басты рөл атқарса және бұл келісімшарттар:

- a) кәсіпорынның атынан, немесе
- b) меншік құқығын беру немесе осы кәсіпорынға тиесілі немесе кәсіпорынның пайдалану құқығы бар мүлікті пайдалану құқығын беру үшін, немесе
- c) осы кәсіпорынның қызмет көрсетуі үшін қолданылса,

осы кәсіпорын, егер осындай тұлғаның қызметі тіпті тұрақты қызмет орны (4.1-тармақ қолданылатын тұрақты қызмет орнынан басқа) арқылы жүзеге асырғанда да бұл тұрақты қызмет орнын осы баптың 4-тармағының ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын аталған тармақта айтылған қызмет түрлерімен шектелмесе ғана, осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызметке қатысты осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар ретінде қаралуға тиіс.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекетте екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан әрекет ететін тұлға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз агент ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзінің әдеттегі қызметі шеңберінде кәсіпорын атынан әрекет етсе, осы баптың 5-тармағы қолданылмайды. Алайда, егер тұлға тек ол өзара тығыз байланысты бір немесе бірнеше кәсіпорын атынан немесе тек солардың атынан дерлік әрекет етсе, бұл тұлға кез келген осындай кәсіпорынға қатысты осы тармақтың мәні шегінде тәуелсіз агент ретінде қаралмауға тиіс.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болу фактісі (не тұрақты мекеме арқылы не өзгеше түрде) өздігінен осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

8. Осы баптың мақсаттары үшін егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайлардың негізінде бірі екіншісін бақылайтын болса немесе екеуі де сол тұлғалардың немесе кәсіпорындардың бақылауында болса, тұлға кәсіпорынмен тығыз байланысты болып табылады. Егер біреуінің екіншісінде тікелей немесе жанама (50%) елу пайыздан аса бенефициарлық қатысу үлесі болса (немесе, компания жағдайында, жиынтық дауыс берудің және компания акциялары құнының немесе компания капиталында бенефициарлық қатысу үлесінің (50%) елу пайыздан астамы) немесе егер басқа тұлғаның тұлғада және кәсіпорында тікелей немесе жанама (50%) елу пайыздан аса бенефициарлық қатысу үлесі болса (немесе, компания жағдайында, жиынтық дауыс берудің және компания акциялары құнының немесе компанияда бенефициарлық қатысу үлесінің (50%) елу пайыздан астамы), кез келген жағдайда да тұлға кәсіпорынмен тығыз байланысты ретінде қаралуға тиіс.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысқа (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша айқындалады. Мұндай термин кез келген жағдайда

жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылықтарында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты заңнаманың ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық шикізат кен орнын, көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды немесе игеру құқығын қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қаралмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа да қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда

1. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына, егер осы кәсіпорын екінші Уағдаласушы Мемлекетте, сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын болса ғана, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда көрсетілгендей жүзеге асырса, кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ оның:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тауарларды немесе сондай немесе осы тұрақты мекеме арқылы сатылатындарға ұқсас түрдегі бұйымдарды сатуға; немесе

с) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте сондай немесе осы тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатынға ұқсас басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы сонда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте, егер ол оқшау кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысса және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасаса, оның алуы мүмкін пайда осындай тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару шығыстарын және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге, мұндай шегерімдер салық заңнамасы ережелеріне сәйкес келетіні және осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасының шектеулері ескеріле отырып, жол беріледі.

4. Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелеріне пропорционалды бөлу негізінде айқындау әдеттегі практика болып табылатын жағдайларда, осы баптың 2-тармағында ештеңе де Уағдаласушы Мемлекетке салық салынатын пайданы практикада қолданып жүргендей, осындай бөлу арқылы айқындауға кедергі келтірмейді, алайда таңдалған бөлу әдісі осы баптың қағидаттарына сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Ешқандай пайда тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды қарапайым сатып алуы негізінде тұрақты мекемеге жатқызылмайды.

6. Осы баптың алдыңғы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, тек егер оны өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себеп болмаса, жыл сайын нақ сол бір әдіспен айқындалады.

7. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында жеке қаралатын табыстардың түрлерін қамтыса, осы баптың ережелері ол баптардың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Халықаралық тасымалдардан алынатын пайда

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдарда пайдаланудан алған пайдаға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан түсетін пайда мұндай пайдалану, техникалық қызмет көрсету немесе жалға алу мән-жайларға қарай теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдарда пайдалану үшін қосалқы мәні болған кезде тауарларды немесе бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын контейнерлерді (тіркемелерді және контейнерлерді тасымалдауға арналған тиісті жабдықты қоса алғанда) пайдаланудан, оларға техникалық қызмет көрсетуден немесе жалға беруден түсетін пайданы қамтиды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері пулға, бірлескен кәсіпорында немесе халықаралық пайдалану агенттігінде қатысудан түсетін пайдаға да қолданылады.

9-бап

Қауымдасқан кәсіпорындар

1. Егер:

а) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) нақ сол бір тұлғалар бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталдарына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қарым-қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе белгіленсе, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осындай жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда мұндай кәсіпорынның пайдасына қосылуы мүмкін және тиісінше оған салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Уағдаласушы Мемлекет резидентінің пайдасына қосса әрі тиісінше оған салық салса және осылайша қосылған пайда бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы шарттар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдай болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай пайдадан есептелген салық сомасына тиісті түзету жасайды. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескерілуге тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-біріне консультация беруге тиіс.

10-бап

Дивидендтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес мұндай дивидендтерге де салық салынуы мүмкін, ал дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, осылайша алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының (10%) он пайызынан аспауға тиіс.

Осы тармақ компанияның дивидендтер төленетін пайдасына қатысты салық салуына әсер етпейді.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын дивидендтер:

а) Қазақстан жағдайында:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органына;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне;

(iii) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына;

(iv) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына;

(v) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына;

(vi) "Қазына Капитал Менеджмент" акционерлік қоғамына;

(vii) "Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" акционерлік қоғамына;

(viii) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамына немесе Қазақстан заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған кез келген басқа да зейнетақы қорына ; және

(ix) Уағдаласушы Мемлекеттер арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін кез келген осындай үкіметтік қаржы институттарына;

б) Оман Сұлтандығы жағдайында:

(i) Оман Сұлтандығының Үкіметіне;

(ii) Оман Орталық банкіне;

(iii) Оман Инвестициялық басқармасына;

iv) Оман Даму Банкіне;

(v) S.A.O.C. Экспорттық кредиттерді кепілдендіру жөніндегі агенттікке;

(vi) Оман заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған кез келген зейнетақы қорына; және

(vii) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін Оман Сұлтандығының Үкіметіне толығымен тиесілі кез келген басқа да заңды органға немесе мекемеге төленген жағдайда, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылған кезде акциялардан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты дәл осындай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы сонда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзіне қатысты дивидендтер төленетін қатысу шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып отырса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекет, егер мұндай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленіп жүрген холдингтің осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен нақты байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерден кез келген салық алынбайды және егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осындай екінші Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын пайдадан немесе табыстан тұрса да, компанияның бөлінбеген пайдасынан бөлінбеген пайда салығы алынбайды.

11-бап

Пайыздар

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай пайыздарға да, олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, ал пайыздардың іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының он пайызынан (10%) аспауға тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын пайыздар:

а) Қазақстан жағдайында:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органына;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне;

(iii) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына;

(iv) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына;

(v) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына;

(vi) "Қазына Капитал Менеджмент" акционерлік қоғамына;

(vii) "Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" акционерлік қоғамына;

(viii) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамына немесе Қазақстан заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған кез келген басқа да зейнетақы қорына ; және

(ix) Уағдаласушы Мемлекеттер арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін кез келген осындай үкіметтік қаржы институттарына;

б) Оман Сұлтандығы жағдайында:

(i) Оман Сұлтандығының Үкіметіне;

(ii) Оман Орталық банкіне;

(iii) Оман Инвестициялық басқармасына;

iv) Оман Даму Банкіне;

(v) S.A.O.C. Экспорттық кредиттерді кепілдендіру жөніндегі агенттікке;

(vi) Оман заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған кез келген зейнетақы қорына; және

(vii) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін Оман Сұлтандығының Үкіметіне толығымен тиесілі кез келген басқа да заңды органға немесе мекемеге төленген жағдайда, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Пайыздар" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез келген түрдегі борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осындай бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұл санкциялары осы баптың мақсаты үшін пайыз ретінде қаралмайды.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың іс жүзіндегі иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда егер пайыздарды төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты пайыздарды төлеу бойынша міндеттеме пайда болған тұрақты мекемесі болса және тұрақты мекеме осындай пайыздар бойынша шығыстарды көтеретін болса, онда мұндай пайыздар осындай тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты пайыздардың сомасы төлеуші мен олардың іс жүзіндегі иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асатын болса, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің асып кеткен бөлігіне осы Келісімнің басқа да ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

12-бап

Роялти

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын іс жүзіндегі иесіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге де, олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, ал роялтидің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының он пайызынан (10%) аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық қамтылымды, кинематографиялық фильмдерді, радио немесе телевизиялық хабар тарату жазбаларын қоса алғанда, әдебиет, өнер туындыларына немесе ғылыми жұмыстарға, кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске немесе кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын кез келген түрдегі төлемдерді және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төлемдерді білдіреді.

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса және өзіне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда роялтиді төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты роялти төлеу бойынша міндеттемесі пайда болатын тұрақты мекемесі болса және мұндай роялти бойынша шығыстарды тұрақты мекеме көтеретін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен соның негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа жататын роялти сомасы төлеуші мен олардың іс жүзіндегі иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асатын болса, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің асып кеткен бөлігіне осы Келісімнің басқа да ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

13-бап

Техникалық қызметтер үшін сыйақы

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін техникалық қызметтер үшін сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда техникалық қызметтер үшін мұндай сыйақыларға, олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, ал техникалық қызметтер үшін сыйақының іс жүзіндегі иесі болып табылатын алушы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса,

онда осылайша алынатын салық техникалық алымдардың жалпы сомасының он пайызынан (10%) аспауға тиіс.

3. "Техникалық қызметтер үшін сыйақылар" термині осы бапта пайдаланылған кезде, осы Келісімнің 15-бабында айтылғандардан басқа, техникалық, басқарушылық немесе консультациялық сипаттағы кез келген қызметтер үшін сыйақы ретінде кез келген түрдегі төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын техникалық қызметтерге төленетін сыйақылардың іс жүзіндегі иесі техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асырса немесе сонда орналасқан тұрақты базадан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді көрсетсе және техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайларда осы Келісімнің 7-бабының немесе 15-бабының ережелері мән-жайларға қарай қолданылады.

5. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, техникалық қызметтерге сыйақы осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп саналады. Алайда техникалық қызметтерге сыйақы төлейтін тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты төлемдер жүргізу міндеттемесі қабылданған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы бар болса және сыйақы бойынша шығыстарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда бұл жағдайда, техникалық қызметтерге сыйақы тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп саналады.

6. Егер техникалық қызметтерге сыйақы төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу себебінен төленген техникалық қызметтерге сыйақының сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі келісуге болатындай сомадан қандай да бір себептер бойынша асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес салық салынуға тиіс, бұл ретте осы Келісімнің басқа да ережелері тиісінше сақталады.

14-бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта айқындалған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табысқа, мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе кәсіпорынмен жиынтықта) иеліктен шығарудан алынатын табысты қоса алғанда, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдарда пайдаланатын Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осындай теңіз немесе әуе кемелерін немесе осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға жататын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алатын табыстарына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуға тиіс.

4. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлік құнының 50 пайызынан астамын тікелей немесе жанама түрде алатын компанияның акцияларын немесе капиталындағы салыстырмалы қатысу үлестерін иеліктен шығарудан алған табыстарына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Осы баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтарында көрсетілмеген кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға иеліктен шығарушы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуға жатады.

15-бап

Жалдамалы жұмыстан алынатын табыстар

1. Осы Келісімнің 16, 18 және 19-баптарының ережелерін ескере отырып, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған қызметке, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақыға, егер жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған осындай сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы Келісімнің 1-тармағының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалданып жұмыс істеуіне байланысты алған сыйақыға, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген (12) он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы (183) жүз сексен үш күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса; және

б) сыйақыны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жұмыс беруші төлесе немесе жұмыс берушінің атынан төленсе; және

с) сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды жұмыс берушінің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі көтермесе, бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдауларда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалданып істеген жұмысына байланысты алған сыйақыға теңіз немесе әуе кемесін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлардың гонорарлары

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе оған ұқсас компания органының мүшесі ретінде бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың гонорарларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Әртістер мен спортшылар

1. Осы Келісімнің 15-бабының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевизия әртісі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын осы резиденттің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе осындай әрекет ететін спортшы жүзеге асыратын жеке қызметтен түсетін табыс өнер қызметкерінің өзіне немесе спортшыға емес, басқа адамға есептелсе, мұндай табысқа осы Келісімнің 15-бабының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының Уағдаласушы Мемлекетке сапары Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де қоғамдық қорларынан немесе саяси бөлімшеден, орталық немесе жергілікті билік органынан толық немесе едәуір дәрежеде қаржыландырылса, оның осы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алынған табысқа осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда өнер қызметкері немесе спортшы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана табысқа салық салынады.

18-бап

Зейнетақылар

Осы Келісімнің 19-бабы 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысына қатысты төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төлейтін қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда мұндай қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылса; немесе

(ii) осындай қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болмаса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет немесе осындай Уағдаласушы Мемлекет құрған қорлардан немесе оның саяси бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін зейнетақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда мұндай зейнетақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер жеке тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болып табылса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Келісімнің 15, 16, 17 және 18-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметпен байланысты қызметке қатысты қызметақыларға, жалақыға, зейнетақыларға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға қолданылады.

20-бап

Студенттер немесе тағылымдамадан өтушілер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келгенге дейін екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тек қана білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында болатын студенттің немесе тағылымдамадан өтушінің өзін-өзі қамтамасыз ету, білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында алатын төлемдеріне, мұндай төлемдер осы Уағдаласушы Мемлекеттен тыс жердегі көздерден жүргізілетіндіктен, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Гранттарға, стипендияларға, басқа да осыған ұқсас сыйақыларға және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген жалданып істейтін жұмыстан түсетін сыйақыларға қатысты осы баптың 1-тармағында аталған студенттің немесе тағылымдамадан өтушінің осындай оқуы немесе тағылымдамадан өтуі уақытында өзі болатын

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты дәл сондай жеңілдіктерге, бағасын кемсітулерге немесе шегерімдерге құқығы бар.

21-бап

Оқытушылар, профессорлар мен зерттеушілер

Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте негізгі мақсаты бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі аккредиттеген Уағдаласушы Мемлекеттің білім беру ұйымында немесе ғылыми-зерттеу институтында оқыту, дәріс оқу немесе ғылыми зерттеу жүргізу мақсатында болатын жеке тұлға осындай оқыту, дәріс оқу немесе ғылыми зерттеу жүргізу үшін алатын сыйақысына қатысты бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетке оның алғаш келген күнінен бастап үш (3) жыл бойы бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

22-бап

Басқа да табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің алдыңғы баптарында көзделмеген табыс түрлерінің пайда болу көзіне қарамастан, оларға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында айқындалғандай жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан басқа табысқа, егер мұндай табысты алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және оларға байланысты табыс төлеуге қатысты құқық немесе мүлік іс жүзіндегі осындай тұрақты мекемеге байланысты болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің алдыңғы баптарында көзделмеген және екінші Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын табыс түрлеріне де осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

23-бап

Капитал

1. 6-бапта айтылған бір Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланатын, осындай теңіз немесе әуе кемелері түрінде ұсынылған Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының капиталына, сондай-ақ осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға қатысы бар жылжымалы мүлікке осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуға жатады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

24-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет:

а) осы резиденттің табысына салынатын салықтан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте төленген табыс салығына тең соманы шегеруге;

б) осы резиденттің капиталына салынатын салықтан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте төленген капиталға салынатын салыққа тең соманы шегеруге мүмкіндік береді.

Алайда мұндай шегерім кез келген жағдайда шегерім берілгенге дейін есептелген және мән-жайларға қарай осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға қатысты табыс салығының немесе капиталға салынатын салықтың бөлігінен аспауға тиіс.

2. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесіне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған табыс немесе оған тиесілі капитал осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылса, мұндай Уағдаласушы Мемлекет соған қарамастан осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеу кезінде босатылған табысты немесе капиталды ескеруі мүмкін.

25-бап

Кемсітпеу

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте, дәл сондай жағдайларда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе онымен байланысты міндеттемеден өзгеше немесе едәуір ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды. Осы Келісімнің 1-бабының ережесіне қарамастан, осы ереже Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ адамдар Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да дәл сондай жағдайларда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты тиісті Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе онымен байланысты

міндеттемеден өзгеше немесе едәуір ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын резидентіне салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте қолайлылығы аз болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне салық салу мақсаттары үшін олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасылық жағдайы негізінде ол өзінің резиденттеріне беретін кез келген жеке салықтық жеңілдіктер, бағасын кемітулер мен шегерімдер беруге міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуі тиіс.

4. Осы Келісімнің 9-бабы 1-тармағының, 11-бабы 7-тармағының, 12-бабы 6-тармағының немесе 13-бабы 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жүргізетін пайыздар, роялти, техникалық қызметтер үшін сыйақылар және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын анықтау мақсаттары үшін олар алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетіндей шарттармен шегерімге жатқызылуға тиіс. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне осыған ұқсас кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын анықтау мақсаттары үшін бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің берешегі сияқты дәл сондай шарттармен шегерілуге тиіс.

5. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын кәсіпорындар бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және онымен байланысты міндеттемеге қарағанда өзгеше немесе едәуір ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды.

6. Осы баптың ережелері осы Келісімнің 2-бабының ережелеріне қарамастан, кез келген нысандағы және түрдегі салықтарға қолданылады.

26-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де әрекеттері мұндай тұлғаның осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуына алып келіп отыр немесе алып келеді деп есептесе, мұндай тұлға осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін Уағдаласушы Мемлекеттердің кез келгенінің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға алып

келетін әрекеттер туралы алғашқы хабарлама берілген кезден бастап үш (3) жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы, егер ол осындай өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген уақыттағы кез келген шектеулерге қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Олар осы Келісімде көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-біріне консультация да бере алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы баптың алдыңғы тармақтарына сәйкес келісімге қол жеткізу мақсаттарында олардың өздерінен немесе олардың өкілдерінен тұратын бірлескен комиссия арқылы бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

27-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың саяси бөлімшелерінің, орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан салық салу осы Келісімге қайшы келмейтін шамада алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнаманы қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу 1 және 2-баптармен шектелмейді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және осы баптың 1-тармағында аталған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен қатар жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен де айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана ашылады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде ашуы мүмкін. Егер Уағдаласушы Мемлекет алған ақпарат екі Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы және осындай пайдалануға рұқсат беруші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы пайдалануы мүмкін болса, жоғарыда айтылғандарға қарамастан, мұндай ақпарат басқа да мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

3. Ешқандай жағдайда осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (ordre public) қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемелерін жүктейтіндей түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты бір Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұраса, егер мұндай ақпарат тіпті осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін талап етілмесе де, екінші Уағдаласушы Мемлекет сұралған ақпаратты жинау жөнінде өз шараларын қабылдайды. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеу аясына түседі, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері банк, басқа қаржы мекемесі, номинал ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл ретінде әрекет ететін тұлға ақпарат иесі болып табылатындығы себебінен немесе ақпарат меншік иесі ретіндегі тұлғаның мүдделеріне қатысты болу себебінен ғана Уағдаласушы Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беретін ретінде түсіндірілмейді.

28-бап

Салықтарды жинауға көмек

1. Уағдаласушы Мемлекеттер табыс талаптарын орындауда бір-біріне көмек көрсетеді. Мұндай көмек осы Келісімнің 1 және 2-баптарының қолданылуымен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісу бойынша осы бапты қолдану рәсімдерін белгілей алады.

2. Осы бапта қолданылатын "табыс талабы" термині пайыздарды, әкімшілік айыппұлдарды және өндіріп алу не осындай сомаға қатысты қамтамасыз ету шараларын қолдану жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, салық салу осы Келісімге немесе тараптары Уағдаласушы Мемлекеттер болып табылатын кез келген басқа актіге қайшы келмейтіндей шамада Уағдаласушы Мемлекеттер немесе олардың саяси бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты тиесілі берешек сомасын білдіреді.

3. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес мәжбүрлеп орындауға жататын болса және ол бойынша борышкер осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның орындалуының алдын алмайтын тұлға болып табылса, мұндай табыс талабы осы Уағдаласушы Мемлекеттің

құзыретті органының сұрау салуы бойынша екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының орындау мақсаттары үшін қабылданады. Мұндай табыс талабын, егер осы табыс талабы осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы болып табылатындай болса, оның өз салықтарын мәжбүрлеп өндіріп алуға қолданылатын өзінің заңнамасының ережелеріне сәйкес осы екінші Уағдаласушы Мемлекет орындайтын болады.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы оған қатысты осы Уағдаласушы Мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес оны орындау мақсатында қамтамасыз ету шараларын қолдана алатын талап болып табылса, мұндай табыс талабы осы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы қамтамасыз ету шараларын салу мақсаттары үшін қабылданады. Екінші Уағдаласушы Мемлекет мұндай табыс талабына қатысты өз заңнамасының ережелеріне сәйкес қамтамасыз ету шараларын, егер осы табыс талабы осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы болып табылатындай болса, тіпті егер, мұндай шараларды қолдану кезінде мұндай табыс талабы алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетте мәжбүрлеп орындауға жатпайтын болса да немесе ол бойынша борышкер оның орындалуының алдын алуға құқығы бар тұлға болып табылса да қолданады.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелеріне қарамастан, осы баптың 3 немесе 4-тармағына сәйкес Уағдаласушы Мемлекет қабылдаған табыс талабына осы Уағдаласушы Мемлекетте уақытша шектеулер қойылуға немесе талаптың сипатына қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес табыс талабына қолданылатын кез келген басымдықты айқындауға жатпайды. Қосымша ретінде, осы баптың 3 немесе 4-тармағына сәйкес Уағдаласушы Мемлекет қабылдаған табыс талабының осы Уағдаласушы Мемлекетте екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осындай табыс талабына қолданылатын басымдығы болмайды.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабының болуына, заңдылығына немесе сомасына қатысты соттың талап қоюы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің сотында немесе басқа да әкімшілік органдарында қозғалмайды.

7. Егер Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 3 немесе 4-тармағына сәйкес сұрау салу жібергеннен кейін және екінші Уағдаласушы Мемлекет тиісті табыс талабын орындағанға және алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетке тиісті соманы аударғанға дейінгі кез келген уақытта тиісті табыс талабы:

а) осы баптың 3-тармағына сәйкес сұрау салынған жағдайда, алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес мәжбүрлеп орындауға жататын және ол бойынша борышкер осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның орындалуының алдын алу мүмкіндігі жоқ тұлға болып табылатын осы Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы, немесе

б) осы баптың 4-тармағына сәйкес сұрау салынған жағдайда, оған қатысты алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес оны орындау мақсатында қамтамасыз ету шараларын қолдана алатын осы Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы болуы тоқтатылады,

алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органын осы факті туралы дереу хабардар етеді және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің таңдауы бойынша алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекет өзінің сұрау салуын не тоқтата тұрады не кері қайтарып алады.

8. Осы баптың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) мемлекеттік саясатқа (*ordre public*) қайшы келетін шараларды қолдану;

с) егер екінші Уағдаласушы Мемлекет өз заңнамасына немесе әкімшілік практикасына сәйкес қолжетімді қамтамасыз ету шараларын орындау немесе мән-жайға қарай оларды қолдану бойынша барлық тиісті шараларды қабылдамаған болса, көмек көрсету;

д) осы Уағдаласушы Мемлекет үшін әкімшілік шығыстар екінші Уағдаласушы Мемлекет алатын пайдаға мөлшерлес болмаған жағдайларда көмек көрсету міндеттемелерін жүктеу ретінде түсіндірілмейді.

29-бап

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Келісімде ештеңе де дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары беретін немесе арнайы халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес берілетін салық артықшылықтарын қозғамайды.

30-бап

Жеңілдіктерді шектеу

Осы Келісімнің басқа ережелеріне қарамастан, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайларды назарға ала отырып, осындай жеңілдікті алу қандай да бір келісімнің немесе мәміленің тікелей немесе жанама түрде осындай жеңілдікке алып келген негізгі мақсаттарының бірі болды деп пайымдауға негіз болса, егер тек қана осындай мән-жайларда осындай жеңілдікті берудің осы Келісімнің тиісті ережелерінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетіні анықталмаса, осы Келісімге сәйкес жеңілдік табыс немесе капитал түріне қатысты берілмейді.

31-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабардар ететін соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім:

а) төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты: осы Келісім күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін төленген немесе есептелген табыс үшін; және

б) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын кез келген салық салынатын кезең үшін алынатын салықтарға, табыстар мен капиталға салынатын басқа салықтарға қатысты қолданылады.

32-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Уағдаласушы Мемлекеттер өзара келісім бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 31-бабының ережелеріне сәйкес күшіне енеді.

33-бап

Қолданылуын тоқтату

1. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі күнтізбелік жылдың 30 маусымынан кешіктірмей екінші Уағдаласушы Мемлекетті дипломатиялық арналар арқылы өзінің осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар етпесе, осындай қолданысын тоқтату туралы хабарлама бірінші бесжылдық кезеңнің бітуінен бұрын жіберілмеуі шартымен әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзартылады.

2. Осы Келісім:

а) төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты: қолданылуын тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін төленген немесе есептелген табыс үшін; және

б) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын кез келген салық салынатын кезең үшін алынатын салықтарға, табыстар мен капиталға салынатын басқа да салықтарға қатысты қолданылуын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20... жылы " " (хиджраның14... сәйкес келеді) екі бірдей данада әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады. Мәтіндер арасында алшақтықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 10 қарашадағы
№ 994 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қол қою сәтінде Уағдаласушы Мемлекеттер мынадай ережелер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатынына келісті:

1. 4-бапқа қатысты:

4-баптың 1-тармағының мақсаты үшін "жергілікті билік органы" термині Оман Сұлтандығы жағдайында Оман Сұлтандығының Корольдік жарлығына сәйкес құрылған және толығымен Оман Сұлтандығының үкіметіне тиесілі заң шығарушы органды қамтиды.

2. 7-бапқа қатысты:

Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органында бар ақпарат тұрақты мекеменің пайдасын айқындау үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, пайданы айқындау осы баптың қағидаттарына сәйкес келетін шартпен пайда осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес есептелуі мүмкін.

3. 10-бапқа қатысты:

Осы Келісімде ештеңе де Уағдаласушы Мемлекетке осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның пайдасына есептелуі мүмкін салыққа қосымша, осылайша есептелген кез келген қосымша салық осындай пайда сомасының (5%) бес пайызынан аспайтын шартпен, осы Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасына арнайы салық салуға кедергі келтіретін ретінде түсіндірілмейді. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда осы тармақта аталған, тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын қосымша салықтан өзге барлық салықтарды одан шегергеннен кейін айқындалады.